

I ТАРАУ.

САЯСИ ПАРТИЯНЫҢ АТАУЫ

Қазақ тіліндегі толық атауы: «Қазақстан Халық партиясы» қоғамдық бірлестігі;
Қазақ тіліндегі қысқартылған атауы: «ҚХП» ҚБ.

II ТАРАУ.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстан Халық партиясы Қоғамдық бірлестігі – социалистік идеология мен солшыл идеяларды қолдайтын Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі. ҚХП жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік биліктің өкілетті және орындаушы органдарының жұмысына қатысу арқылы әлеуметтік әділеттік пен саяси теңдікке жетуге пейілденген халық мүддесіне өкіл болу мақсатында еңбекшілердің, жұмыссыздардың, зейнеткерлер және жастардың саяси еркін білдіреді.
2. Қазақстан Халық партиясы әлеуметтік әділетті қоғам құру стратегиясына адалдық танытады.
3. Партия өзін-өзі басқаратын үйлесімді құрылым ретінде Қазақстан Республикасының барлық аумағында Конституция талаптарына, «Саяси партиялар туралы» Заңға, мемлекеттің саяси партияларының әрекеті мәселелері бойынша өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әрекет етеді.
4. ҚХП демократия мен әлеуметтік әділеттік, гендерлік теңдік ұстанымын ұстанған, өз күшін халық өмірін жақсартуға, еңбекшілердің бауырластық және ынтымақтастығын нығайтуға бағыттаған барлық қоғамдық бірлестіктермен ниеттес, партия халықаралық заңнамалық актілерге сәйкес халықаралық қатынас орнатуы ықтимал.
5. Партия заңмен бекітілген тәртіп бойынша заңды тұлға құқықтарын иеленеді, Қазақстан Республикасының банктік мекемелерінде дербес теңгерімі, есеп айырысу шоты бар, меншікті оқшауландырылған мүлік иеленеді де, барлық өзінің міндеттемелері бойынша айтылған мүлікпен жауап береді, мүліктік және жеке басының мүліктік емес құқықтарын іске асырады, сотта талапкер және жауапкер міндеттерін орындайды.
6. Қазақстан Халық партиясы өз рәмізі: жалау мен танымбелгіге ие, олар партия съезімен бекітіледі.
Жалау: қызыл түсті мата, оның ені мен ұзындығының арақатынасы 1:2. Жалау матасының ортасында жұдырық болып жұмылған үш қол және оның үстіңгі, астыңғы жағына партия атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған.
7. ҚХП Орталық аппаратының мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010001, Есіл ауданы, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғылы 14, 7-кеңсе.

III-ТАРАУ.

ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ МӘНІ

1. Қазақстан Халық партиясының мақсаты шынайы халық өкіметі, әлеуметтік әділеттік, кең рухани, бостандық пен ғылыми-техникалық ілгерілеу және ғылыми-техникалық қағидаттарының негізінде өркендеген экономика қоғамына бағыттану болып табылады. Аталмыш қоғамның назар аударатын жайты толық азаматтық құқықтар мен өз қабілеттігін дамыту және таныту мақсатында әрі әралуан мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерін иеленген адам болып табылмақ.

2. Алға қойылған мақсаттарға жету үшін келесі мәселелерді шешу қажет:

• **саяси салада** – Қазақстан Республикасында демократия үшін күресу, демократиялық сайлаулар арқылы билікке жету, әлеуметтік әділетті қоғам құру, Қазақстан Республикасын халық билігімен қамтамасыз ету. Адам эксплуатациясына жол бермейтін жеке меншік формаларын тану, атап айтқанда: мемлекеттік, ұжымдық, жеке, акционерлік, кооперативті деп тану;

• **экономикалық салада** – экономика дамуындағы шикізаттық бағыттан арылу, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына заманауи технологияларды енгізу, экономиканың негізгі салаларында мемлекеттік иелікті қалпына келтіру;

• **әлеуметтік салада** – халық үшін, елдің экономикалық әлеуетіне сүйене келе, әлеуметтік кепілдіктер көлемін бекіту әрі кеңейту;

• **халықаралық қатынастарда** – республиканың ТМД халықтарымен шоғырлану үдерістерін қолдау, лаңкестікпен күрес, кең халықаралық ынтымақтастық.

ҚХП қызметінің мәні:

• прогрессивті қоғамдық ой идеяларын насихаттау;

• қоғамның саяси өміріне қатысу, партияның бағдарламалық мақсаттары жөнінде көзқарасына қосылған Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси жігерін қалыптастыру және іске асыру;

• мемлекеттік билік органдарын заңмен бекітілген тәртіпте қалыптастыруға қатысу;

• халықтардың интернационалдық бауырластығын және достығын нығайту;

• жастарда отанға деген сүйіспеншілік, өз халқының тағдырына іліктілігі сезімін тәрбиелеу болып табылады.

ҚХП билік органдарының қызметін халықтық бақылауға алынуын ұйымдастыруға талпынады, қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен, азғындаудың басқа да түрлерімен күрес бойынша батыл шаралар қолданады. ҚХП өзінің ішкі құрылымын анықтауда дербес бола алады.

IV-ТАРАУ.

ПАРТИЯДАҒЫ МҮШЕЛІК

1. ҚХП мүшелік ерікті, жеке, бекітілген, партия Бағдарламасын қолдаушы және ҚХП Жарғы нормаларын орындаушы Қазақстан Республикасы азаматтары үшін 18 жастан партиялық билетпен расталған.

ҚХП билетін ҚХП ОК Саяси бюросы әзірлейді және бекітеді.

ҚХП жаңа мүшелерді қабылдауды енушінің жеке өтініші бойынша бастауыш партиялық ұйымдар іске асырады. Партия қатарына қабылданған әрбір азамат жеке іріктеуден өтеді.

Қазақстан Халық партиясы Қазақстан Коммунистік Халық партиясының құқықтық мұрагері болып табылады.

ҚКХП партиялық билеттері Қазақстанның Халық партиясында қосымша арнайы бетпен жарамды. Арнайы қосымша парақты ҚХП ОК Саяси Бюросы бекітеді.

Бұрын ҚКХП қатарында болған партия мүшелері автоматты түрде ҚХП есебіне алынады. Келіспеген жағдайда партия мүшелігінен өз еркімен шығуға құқығы бар.

ҚХП-дағы мүшелік мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- 1) тиісті құрылымдық бөлімге берілген жазбаша өтініш негізінде партиядан ерікті түрде шығу;
- 2) азаматтылық жойылғанда, Қазақстан Республикасы аумағынан шетелге тұрақты тұруға кеткенде;
- 3) әскери қызметке, ұлттық қауіпсіздік органдарына, құқық қорғау органдарына қабылданғанда, сот болып тағайындалғанда (сайланғанда);
- 4) басқа партияға өту;
- 5) қайтыс болуына байланысты, сонымен қатар соттың шешімімен азамат қайтыс болған немесе қабілеті жоқ деп танылған кезде;
- 6) партиядан мынадай жағдайлар бойынша шығарылған кезде:
 - қылмыс жасалынса, сот үкімі заңды күшіне енгеннен кейін;
 - жемқорлық іс-әрекеттер;
 - партия мүддесіне саяси, беделдік және экономикалық залал келтіретін әрекеттер (әрекетсіздік) немесе партияның беделін түсіретін әрекет (әрекетсіздік);

- партия мүшесі, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне сайланған депутат және жергілікті өкілетті орган міндеттемелерін орындамау (салғырт қарау),

- партия Жарғысын, бағдарламалық құжаттарды, партия органдарының шешімдерін сақтамау;

Партиядан шығарып тастау шешіміне шағымдану жағдайында белгіленген шешім бақылау органы немесе Съездің шығарып тастау туралы шешімі бекітілген соң өз күшіне енеді.

ҚХП мүшелерінің есепке алынуы: бастауыш ұйымдарда – журналдарда, өкілдіктерде – есепке алу дербес карточкалары бойынша, филиалдарда – дербес есепке алу карточкалары немесе электрондық деректер базасы бойынша, ҚХП ОК – филиалдар мен өкілдіктердің статистикалық есептері бойынша іске асырылады. Есепке алу нысандарын және оларды жүргізу тәртібін партияның Орталық Комитеті бекітеді.

2. ҚХП мүшелері өз партия ұйымдары алдында партия жұмысына қатысу үшін жауапты болып табылады.

3. Партия мүшесі:

- партиялық саясатты өндіруге және оның жүзеге асырылуына қатысуға;
- ҚХП-ның кез келген партиялық органына және биліктің өкілетті органдарына сайлануға және сайлауға;
- партия органдарында өз ұсыныстары мен өтініштерін талқылауға қатысуға;
- партия және ҚХП сайланбалы органдары бойынша жолдастарына конструктивті сын айтуға;
- Кез келген партия ұйымдарына сауал салуға, өтініш және ұсыныс беруге, әрі өз сауалының заты бойынша жауапты талап етуге, егер жауап бір ай ішінде келіп түспесе, тиісті Бақылау-ревизиялық комиссиясына өтініш жолдауға;
- саяси партия мен оның басқарушы органдарының қызметі туралы ақпарат алуға;
- жұмыстың және өмірдің барлық күрделі жағдаяттарында жолдастық көмекке сенім арту;
- партияның бақылау органдарына өзі туралы шешім бойынша бір ай ішінде шағымдануға, өтініші қанағаттандырылмаған жағдайда Съезге, ОК Пленумына, ОК Саяси бюросына жүгінуге құқылы;
- партия мүшелерін сырттай сынауға және талқылауға жол берілмейді.

4. ҚХП мүшесі:

- партиялық тәртіпті сақтау және партия органдарының шешімдерін орындауға;
- жаңа мүшелерді тарту бойынша жұмысты тұрақты түрде жүргізуге;

- насихаттау және партия мүдделеріне өкіл болуға, оның мақсаттарына жету үшін күресуге, міндеттерін орындауға, халық арасында партия саясатын дәйекті түрде жүргізуге міндетті.

Партия талаптарын орындаудан бас тартқан ҚХП мүшелері ҚХП қатарынан шығарылуға дейін жазалануы мүмкін. ҚХП-да партияның ұйымдық құрылымымен қарастырылмаған партияның ішкі фракцияларын, тұғырнамаларын және басқа да құрылымдарын құруға тыйым салынады.

V ТАРАУ.

ПАРТИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

1. Жарғы мен бағдарламада белгіленген мақсат пен міндетті іске асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша ҚХП:

1) кандидаттарды:

- Қазақстан Республикасы Президенттігіне;
- бірыңғай жалпыұлттық сайлау округы бойынша партиялық тізім негізінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Қазақстан Республикасы мәслихаты депутаттығына;
- жергілікті өзін-өзі басқару органдарына;
- аумақтық және учаскелік сайлау комиссия кандидаттығына;
- мемлекеттік билік органдарының басқа да сайланбалы қызметтеріне ұсынуға;

2) мәслихат депутаттары арқылы – партия мүшелерін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттығына кандидат ретінде ұсынуға, әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдігіне және мемлекеттік билік органдарының басқа да сайланбалы қызметтеріне кандидатураларды талқылауға қатысуға, барлық деңгейдегі әкімдерді тағайындау барысында олардың кандидатураларын мәслихатпен бірге бекіту барысына ықпал етуге, мәслихаттарда партияның депутаттық фракциялары (тобы) арқылы тиісті әкімдерге сенімсіздік вотумын білдіру бастамасын көтеруге;

3) Парламент Мәжілісінде депутаттық фракция және жергілікті өкілетті органдарда партияның депутаттық фракциясын (тобын) құруға, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында депутаттық топ құру бастамасын көтеруге, Парламент Мәжілісінде депутаттық фракция арқылы Үкімет пен оның мүшелеріне сенімсіздік вотумын білдіру бастамасын көтеруге;

4) Қазақстан Республикасында қызмет ететін саяси партиялар және өзге де азаматтық қоғам институттарымен ықпалдасуға, өзге елдердің саяси

партияларымен байланыс және серіктестік орнатуға, тиісті келісімдерге отыруға, діни бірлестіктерден басқа, халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге ұжымдық мүше ретінде кіруге;

4-1) өз қызметі туралы ақпарат таратуға және өз мақсат-міндетін

насихаттауға;

5) заңнамаға сай бейбіт жиындар, митингтер, шерулер, ереуілдер мен демонстрациялар, өзге де қоғамдық-саяси акциялар мен іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге;

6) баспа және полиграфиялық қызмет жүргізуге;

7) өзінің бұқаралық ақпарат құралын құруға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сай қайырымдылықпен айналысуға;

9) жарғылық мақсатқа сәйкес келуіне қарай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

10) Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» заңнамасында және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде қарастырылған өзге де құқықтарды іске асыруға құқылы.

2. Партия міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамаларын сақтауға;

- әрбір азаматқа оның құқықтары мен мүддесіне қатысы бар партиялық құжаттармен, шешімдер және ақпарат көздерімен таныстыруды қамтамасыз етуге;

- тіркеуші органға Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілетін мәліметтер көлемінде тұрақты жұмыс істейтін орган орналасқан жердің және оның басшылары туралы деректердің өзгергені жөнінде хабарлауға;

- мемлекеттік кіріс органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдер мен көлемде өзінің қаржылық қызметі туралы есепті табыс етуге.

Партия Парламент, мәслихат депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін бекіткен кезде Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Конституциялық заңын мүлтіксіз сақтауға.

VI ТАРАУ.

ПАРТИЯНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

ҚХП құру және қызметінің ұйымдық қағидаты демократиялық орталықшылдық болып табылады, бұл дегеніміз:

- барлық жұмыс органдарының сайланатындығы, олардың өздерін сайлаған ұйымдардың алдында есеп берушілігі және есептілігі;
- партияның барлық құрылымдық бөлімшелері мен сайланатын органдары жұмысындағы алқаластық пен жариялылық;
- әр партия мүшесінің өз міндеттерін және партиялық тапсырмаларын орындауда жеке жауапкершілігі;
- сын еркіндігі;
- құрылымдық бөлімшелердің өз ішкі тіршілігі мен әрекеті мәселелерін шешудегі еркіндігі, филиалдар мен өкілеттіктер туралы партия Жарғысы мен Ережесі көздеген жағдайларды есепке алмағанда;
- қабылданған шешімдерді ҚХП құрылымдық бөлімшелері, олардың органдары, әр мүшесі қатаң ұстануын көздеген партиялық тәртіп;
- өз көзқарастарын баяндауға азшылықтың кепілдендірілген құқығы, шешім өндірген кезде осынау көзқарасты партия органдарының есепке алуы әрі шешім қабылданғаннан кейін азшылықтың көпшілікке шартсыз бағынуы;
- жоғарғы тұрған органдар шешімін орындаудың төменгі тұрған органдар үшін міндеттілігі.

ҚХП қызметінде екпін орталықшылдықтан партияның негізгі бастауы, қозғаушы күші, жасампаз қуаты, саяси жігері болып табылатынын анықтайтын партия бұқара басымдылығына қарай жылжытылған. Сайланбалы органдарға және аппаратқа партия ұйымдарының ұйымдастырылуы мен қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүктеледі.

ҚХП ұйымдастыру құрылымы аумақтық қағида бойынша құрылады.

1. Партияның ұйымдастырушы негізі бастауыш партия ұйымдары болып танылады. Олар партияның аудандық не болмаса қалалық комитеті бекітетін жиналыс шешімі бойынша үш және одан да көп партия мүшелерінен құрылады.
2. Бастауыш партиялық ұйымның жоғарғы органы партия мүшелерінің жиналысы болып табылады, ол айына кемінде бір мәрте және есепте тұрған

партия мүшелерінің кемінде жартысының қатысуымен жүргізіледі. Шешімдер, сондай-ақ дауыс беру түрі де, жиналысқа қатысқандар дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады.

3. Бастауыш партиялық ұйымның жалпы жиналысы бастауыш ұйым қызметіне қатысты кез келген мәселелерді өз еркімен шешуге, ал жоғарғы тұрған органдардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге және оларды аталмыш пікір туралы ақпараттандыруға, ҚХП мүшесіне қабылдау туралы және мүшелігін тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы. Жалпы жиналыс отырысының барысы хаттамамен ресімделеді.

4. Бастауыш партия ұйымы партия мүшелерінің дербес істерін жиналыстарда қарап талқылау ерекше құқығын иеленеді. Партия мүшелерінің теріс қылықтары үшін ол: ортаға салып талқылаумен шектелуі, бетіне басуы, ескертуі, қатаң ескертуі, сөгіс жариялауы, партия мүшелерінен шығарып тастауы ықтимал. Бастауыш партиялық ұйымның шешімі аудандық комитет бюросында бекітіледі, ол болмаған жағдайда партияның облыстық комитет бюросында бекітіледі.

Сайланбалы органдар (ОК, ОК, ҚК, АК) мүшелеріне қатысты бастауыш партия ұйымдарының шешімдері сол комитеттермен бекітілуге жатады.

Өзге жағдайда партия мүшелерінің жеке істерін қарау құқығына (соның ішінде: ескерту айту, қатал ескерту жасау, сөгіс айту, партия мүшелігінен шығару) ҚХП ОК-ның Саяси бюросы ие.

5. Бастауыш партия ұйымында ағымдағы күнделікті жұмысты бюро, ал саны 15 мүшеден кем ұйымдарда – екі жылға сайланатын Хатшы мен оның орынбасары жүргізеді.

Бастауыш ұйымдардың Бюросы мен хатшылары:

- партия ұйымының жұмысын партия Жарғысына, Бағдарламасына және филиалдар мен өкілдіктер туралы Ережеге сәйкес ұйымдастырады, өз жұмысы және қабылданған шешімдер туралы партия мүшелерін ақпараттандырады;
- аталмыш ұйымда есепте тұратын партия мүшелерінің өтініштерін, есептемелерін және дербес істерін қарайды;
- халықпен байланысты нығайту бойынша жұмыс жүргізеді, олардың арасында түсіндіру және насихат жұмысын жүргізеді;
- Қазақстан Халық партиясының ниеттестерін есепке алады, олармен байланыс жасап тұрады әрі өмір сүруде және жұмыс істеуде әралуан көмек көрсетеді;
- өзінің бастапқы ұйымы алдында жылына кемінде бір мәрте жұмысы туралы есеп береді;

•жоғарыда тұрған партия комитеттерімен байланысты іске асырады;

6. Бастауыш партия ұйымы Жарғымен көзделген мүшеліктен айырылу, басқа ұйыммен қосылу не болмаса өзін-өзі тарату нәтижесінде таратылуы ықтимал. Бұл мәселе туралы шешім жалпы жиналыста есепте тұрған ҚХП мүшелерінің 2/3 дауыстарымен қабылданады.

7. Партия Съезінің шешімі бойынша республикалық маңызды барлық облыс пен қалаларда Қазақстан Халық партиясының филиалдары құрылады. Аудан орталықтары мен облыстық маңызы бар қалаларда өкілеттіктер құрылады. Филиалдар мен өкілеттіктер ҚХП ОК сенімхаты бойынша заңды тұлға жасау құқысыз жұмыс істейді, есептік тіркеуден өтеді де, Партия Съезі бекіткен «Филиалдар және өкілеттіктер туралы» ережеге сәйкес әрекет етеді. Филиалдарда ҚХП-ның кемінде 600 мүшесі болуы тиіс.

8. Филиалдар мен өкілеттіктер халық арасында партия саясатын енгізеді, мемлекеттік орындаушы және өкілдікті органдармен, саяси және қоғамдық құрамалармен өзара әрекеттестікте болады, өз мөрі мен фирмалық іспарақтарын иеленуі мүмкін.

9. Филиалдар мен өкілеттіктердің жоғарғы органы екі жыл сайын тиісті комитет шешімі бойынша не болмаса партия мүшелерінің кемінде 1/3 санын біріктірген партұйым талабы бойынша шақырылатын Конференция болып табылады. Шақыру күні және делегаттар өкілдіктерінің нормасын тиісті партия комитеті конференция өткізу күніне дейін екі ай қалғанда құрамына енген барлық партия ұйымдарын құлақтандырумен қоса белгілейді. Есеп беру-сайлау партия Конференциялары төрт жыл сайын өткізіледі де, партияның кезекті съезі күніне екі ай қалғанда аяқталуға тиіс. Кезектен тыс Конференциялар партия комитетінің, филиалдар, өкілдіктер құрамына кіретін партия мүшелерінің 1/3 санының талаптары бойынша, Орталық комитетінің шешімі бойынша шақырылуы ықтимал.

10. Аудандық не болмаса қалалық Конференцияға делегаттар бастауыш ұйымдардан сайланады, ал облыстық және қалалық Конференцияларға республикалық маңызы бар қалаларда – аудандық Конференцияларда, ондай жоқ жерде – бастапқы партұйымдардағы жиналыстарда сайланады.

Конференция, егер оның жұмысына оған сайланған делегаттардың кемінде жартысы қатысып отырса, құқықты болып саналады. Шешімдер дауыстың жай көпшілігімен ашық не болмаса құпия дауыс беру түрде қабылданады (делегаттардың өз бетінше).

11. Филиалдардың немесе өкілеттіктердің Конференциясы:

- партия комитеттерінің, Бақылау-ревизиялық комиссияларының есептемелерін қарайды, партия саясатын енгізу туралы міндеттерді ортаға салып талқылайды;
- жалдамалы жұмысшылардың, жұмыссыздардың, зейнеткерлер мен студенттердің әлеуметтік жай-күйін талдайды, аталмыш мәселелер туралы жергілікті билік органдарына өтініштер мен жүгінулерді қабылдайды;
- облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, қалалық, аудандық мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар ұсынады;
- облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, қалалық, аудандық мәслихаттардың депутаты етіп сайлау үшін адамдарды партиялық тізімге енгізеді;
- азаматтың партиялық тізімге енгізуге келісімі туралы өтінішімен бірге шешімді тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жолдайды;
- тиісті партия комитеттерін (облыстық комитеттерді, қалалық комитеттерді, аудандық комитеттерді) және Бақылау-ревизиялық комиссияларын төрт жыл мерзімге сайлайды.

12. Филиалдардың (обкомдар, қалалық комитеттер) және өкілдіктердің (қалакомдар, ауданкомдар) партия комитеттері Конференциялар арасында өз жұмысын жүргізеді, партия мүшелерін есепке алуды іске асырады, партия Съездері, ОК пен оның Саяси бюросы, Конференциялар, Пленумдер және партия комитеті бюросы шешімдерінің орындалуын бақылайды.

13. Партия комитеттері өз құрамын бастауыш партия ұйымдарының ұсынымы бойынша жаңа мүшелермен, алайда Конференция сайлаған құрамның 1/3 бөлігінен асырмай, толықтыруы ықтимал.

14. Партия комитеттерінің Пленумдері жарты жылда кемінде бір мәрте шақырылады. Пленумдер сайланған мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан жағдайда құқылы. Шешімдер дауыстың жай көпшілігімен ашық не болмаса құпия түрде қабылданады (тиісті комитеттердің өз бетінше).

15. Пленум өз құрамынан төрт жыл мерзімге партия бюросы мен филиалдар мен өкілдіктердің комитет хатшыларын сайлайды. Филиалдар және өкілдіктердің партия комитеттері бірінші хатшыларын ҚХП Орталық Комитеті бекітеді де, соның сенімхаты бойынша аталмыш хатшылар әрекет етеді.

ҚХП ОК Саяси бюросы партиялық комитеттер, бөлімшелер мен өкілеттіліктер хатшысының атына берілген сенімхатты мынадай жағдайларда қайтарып алуға құқылы:

-Бірінші хатшы ҚХП Жарғысына қайшы келетін, ҚХП-ның беделін түсіретін және оған саяси, беделдік және экономикалық шығын келтіретін іс-әрекеттер жасаса;

-Бірінші хатшының ҚХП мүшелігінен шығуы немесе ҚР азаматтығын жоғалтуы;

-Партиялық комитеттің Бірінші хатшысының жеке өтініші негізінде.

ҚХП ОК сенімхатты қайтарып алған жағдайда партиялық комитет бөлімшесінің (өкілеттіліктің) Бірінші хатшысы өз өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтатады. ҚХП ОК сенімхатты қайтарып алған соң бір ай мерзім ішінде партиялық комитеттің бөлімше (өкілеттілік) Пленумы партиялық комитет бөлімшесінің жаңа Бірінші хатшысын сайлайды және оның кандидатурасын ҚХП ОК-ға бекітуге жолдайды. ҚХП ОК Саяси бюросы облыстық және қалалық партиялық ұйымдар бойынша ОК пен ОБРК штаттық мүшелерін оларды Қазақстан Халық партиясы Съезд делегаты ретінде сайлау үшін үлестіреді.

Төтенше және ерекше жағдайда ҚХП ОК Саяси бюросы ҚХП-ның облыстық және қалалық бөлімшелері Пленумының қызметтегі мүшелері партиялық тәртіпті бұзған жағдайда, ҚХП Жарғысына қайшы келетін оған саяси, беделдік және экономикалық шығын келтіретін іс-әрекеттер жасағанда ҚХП-ның облыстық және қалалық бөлімшелері Пленумының қарауына сұрақ көтеруге құқылы.

16. Саяси бюро Пленумдер арасында барлық ағымдағы жұмысты орындайды, айына кемінде бір мәрте отырыстар өткізеді, семинарлар, пікірталастар отырыстарын ұйымдастырады, жеке мәселелері бойынша азаматтарды қабылдайды да, ол мәселелерді шешу шараларын қабылдауды іске асырады.

17. Бюро шешімдері оның отырысына Бюро құрамының көпшілігі қатысқан кезде дауыстың жай көпшілігімен қабылданады.

VII ТАРАУ.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ

БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

1. Қазақстан Халық партиясының жоғарғы органы 4 жылда кемінде бір рет Орталық Комитет немесе Орталық комитеттің Саяси бюросы шақыртатын Съезд болып табылады.

Съезд шақыру туралы шешім Съезд отырысына дейін 2 ай бұрын кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында немесе партия сайтында жарияланады. Ерекше жағдайда ОК Саяси бюросының шешімімен Съезд шақыру туралы шешім Съезд отырысынан 10 күн бұрын қабылданады.

2. Партия Съезі оның жұмысына республикалық маңызы бар барлық облыстар мен қалалардан сайланған делегаттарының жартысынан астамы қатысқан кезде өтуге құқылы; ол дауыстың көпшілігімен ашық не болмаса құпия түрде қабылданады (делегаттардың қалауы бойынша).

3. Партияның кезектен тыс Съезі ОК Саяси бюросының шешімімен немесе ҚХП-ның әрекет етуші облыстық, Нұр-Сұлтан қаласы және республикалық маңызы бар қалалардағы партиялық ұйымдарының жартысы талап еткенде шақырылады.

Осыған ұқсас партияішілік және партияның стратегиялық желісі мәселелері бойынша жалпыпартиялық конференция өткізіледі. Кезектен тыс Съезге делегаттар кезектен тыс облыстық партиялық Конференцияларда, сонымен қатар Нұр-Сұлтан және республикалық маңызы бар қалалардағы партиялық Конференцияларда сайланады не болмаса алдағы өткен Съезде өкілеттілігі ұзартылған делегаттар қатысушы бола алады. Кезектен тыс Съезге өкілеттілігі алдыңғы Съезде ұзартылған делегаттар қатысушы бола алады.

4. Партия Съезі:

- ҚХП Орталық Комитетінің және Орталық Бақылау-ревизиялық комиссиясы есептемесін тыңдайды;
- Партияның стратегиялық бағыттарын белгілейді;
- мемлекеттік, саяси және қоғамдық құрылымдарға, халықаралық және шетел ұйымдарына саяси мәлімдемелер, өтініштер мен үндеулер қабылдайды;
- Орталық Комитет (ОК) және Орталық Бақылау – ревизиялық комиссиясын (ОБРК) 4 жыл мерзіміне сайлайды. ОК құрамы филиалдардан тең өкілдік қағидасы бойынша сайланады, ал ОК мүшелері және ОБРК мүшелеріне кандидат саны Съезд шешімімен белгіленеді;
- партияның Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент Мәжілісінің, мәслихаттардың сайлауына қатысуы туралы шешімді бекітеді.
- Партияның сайлауалды бағдарламасын бекітеді;
- ҚХП мүшелерін партиялық тізім бойынша бірыңғай жалпыұлттық сайлау округы бойынша Қазақстан Республикасы Президентті кандидаттығына, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаты кандидаттығына ұсынады, мәслихаттағы өздерінің өкілдері арқылы Қазақстан Республикасы Парламент Сенаты депутаты кандидатурасын ұсынады;
- Орталық сайлау комиссиясына тіркеу үшін депутаттыққа кандидаттардың тізімін ұсынады;
- ҚХП-ның партиялық тізімі бойынша сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын Съезге қатысып отырған делегаттардың

басым даусымен кворум сәйкес болған жағдайда қайта шақырып алу не болмаса алмастыру туралы келесі жағдайларда шешім қабылдайды:

- депутаттың ҚХП мүшелігінен шығып қалғанда не болмаса ҚР азаматтығынан айрылғанда;
- депутаттардың ҚХП-ны жоққа шығаратын және оған саяси, беделдік, экономикалық шығын келтіретін, ҚХП-ның Жарғысына қарама-қайшы болатын іс-әрекеттер жасауы;
- депутаттың жеке өтініші бойынша;
- - Палата шешімі бойынша Қазақстан Республикасы «Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына сәйкес депутатты міндеттерінен босатқанда;
- Қазақстан Халық партиясы ОК Саяси бюросының Қазақстан Республикасы Парламентіне ҚХП фракциясының атынан сайланған депутаттарын төтенше немесе ерекше жағдайда қайта шақырып алу, не болмаса алмастыру құқығын береді.

Депутатты қайта шақырып алу не болмаса алмастыру туралы шешім төтенше немесе ерекше жағдайда ҚКХ ОК Саяси бюросы мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Депутатты қайта шақырып алу не болмаса алмастыру туралы шешім қабылданғаны Қазақстан Республикасы Орталық Сайлау Комиссиясына хабарланады.

5. Съездің айрықша құзыретіне төмендегілер жатады:

- партияның өз еркімен таратылуы не болмаса қайта құрылуы;
- партияның Бағдарламасы және Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- яартия филиалдары мен өкілдіктерінің құрылуы және таратылуы;
- «ҚХП орталық комитеті туралы» және ҚХП Орталық Бақылау-ревизиялық комиссиясы, Қазақстан Республикасы Парламентінің ҚХП депутаттық фракциясы және партия ардагерлер Кеңесі туралы Ережелерін бекіту;
- «Филиалдар және өкілеттіктер туралы» Ережені бекіту;
- партия мүшелерінің жарна сомасын, партияның ОртК, ОК, ҚК мен АК қаржылық есептемесінің тәртібі мен мерзімділігін белгілеу;
- есептемелік тапсыру, өз ұйымдастырушы құрылымдарына бақылау органдары арқылы тексеру жүргізу, олардың нәтижелерін қарау және бекіту тәртібі мен мерзімділігі;
- партия рәміздерін бекіту – жалауды, елтаңбаны, басқа да ерекше белгілерін;
- екі мәртеден астам партия Төрағасын, ОК хатшысын қайта сайлау туралы шешім қабылдайды.

6. ҚХП Жарғысына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады.

7. Съезд аралығы мерзімінде Қазақстан Халық партиясының Орталық Комитеті партияның барлық әрекетіне басшылық етеді, басқарушы кадр іріктеуін іске асырады, партияның алуан түрлі органдарын, мекемелерін және кәсіпорындарын құрады да, оларға басшылық етеді, партия баспасөз органдарының бас редакторларын бекітеді, партия бюджетінің қаражатын бекітіп, үлестіреді және оның орындалуын бақылайды, партия съезіне өкілдік нормасын бекітеді, басқа партиялармен өзара әрекеттестікте партияға өкілеттік етеді.

ОК мен оның мүшелерінің қызметі және өкілеттілігі, «Орталық Комитет туралы» Ережесімен реттеледі.

8. Орталық Комитеттің отырыстары – Пленумдар жартыжылдықта кемінде бір мәрте шақырылады. ОК мүшелері кандидаттығына үміттенгендер ОК Пленумының отырыстарында кеңесші дауыс құқығымен қатысады. Пленумды шақыру туралы шешімді ОК Бюросы не болмаса оның бастамасымен ОК мүшелерінің 1/3 Пленум басталу күніне дейін екі ай бұрын қабылдайды.

Пленум оның жұмысына ОК мүшелерінің жартысынан астамы қатысқан кезде өту құқына ие.

9. Пленум шешімі дауыстың көпшілігімен ашық не болмаса құпия түрде ОК мүшелерінің қарауымен қабылданады. Олар партияның барлық құрылымдарымен, құрамаларымен орындалуға міндетті.

10. ҚХП ОК Пленумы:

- партияның өмірі мен жұмысының ең маңызды міндеттерін, оның халық бұқарасымен байланысын қарастырады, өзінің саяси және әлеуметтік құқықтары үшін күресуде олардың белсенділігін жоғарылатуды көздейтін шешім қабылдайды;
- партия мүшелерін есепке алу, қаржылық және шаруашылық жұмысы, баспасөз органдарына басшылық ету мәселелері бойынша нормативтік құжат қабылдайды;
- партиялық бюджет орындалуын бекітеді және бақылайды, партияның мүлкін, жылжымайтын мүлкін, көлік құралдарын, байланыс құралдарын, насихат және үгіт құралдарын есепке алады;
- Парламент фракциясы қызметін үйлестіреді, жыл сайын оның басшысының есебін тыңдайды.

11. ОК Пленумы өз құрамынан партияның бір төрағасын, Орталық комитеттің 4 хатшысын және ОК Саяси бюросын (Саяси бюро) 4 жыл мерзімге сайлайды. Оның құрамына лауазымы бойынша міндетті түрде: Партия төрағасы, ОК хатшылары енеді. Партия төрағасы, ОК хатшысы лауазымына қатарынан екі рет сайлануға болмайды.

12. ҚХП төрағасы – партияның жоғары лауазымды тұлғасы:

- партия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- филиалдармен тікелей жұмыс істейді, партияның барлық қаржы-шаруашылық құжаттарына қол қояды, ҚХП Орталық Комитетінің штатын қалыптастырады, қаржыны және өзге де мүлікті басқару саласында партияның қаржы-шаруашылық және материалдық-техникалық сұрақтарының шешілуін қамтамасыз етеді.
- партия атынан барлық ресми құжаттарға қол қояды;
- партия съезін ашады және оған төрағалық етеді;
- ОК Хатшылығына, ОК Саяси бюросына және партияның Орталық комитетіне жетекшілік етеді және басқарады.
- ҚР Президенттігіне кандидатты, ҚР Парламенті депутаттығына кандидаттарды ұсыну бойынша ұсыныс енгізуге құқылы
- ОК Саяси Бюросының, Орталық Комитеттің және партияның орталық бақылау-тексеру комиссиясының (ОБРК) құрамына кандидатураларды келісуге және қарауға);
- партияның қоғамдағы беделі мен ықпалының артуын қамтамасыз етуге, партиялық қатары мен партияшілік тәртіпті нығайтуға, партияның кадр саясатын жетілдіруге қатысты шаралар қабылдайды;
- партия органдарының құрылымын жетілдіру, қайта ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдайды;
- партия атынан сөйлейді;
- егер партия органдарының, Парламент Мәжілісіндегі, мәслихаттардағы депутаттық фракциялардың шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына, партияның жарғысына, бағдарламалық құжаттарына, ОК Съезінің, Пленумының, Саяси бюросының шешімдеріне қайшы келсе, олардың күшін жояды.
- Бұйрықпен ОК аппараты басшысын тағайындайды, сонымен қатар оны атқаратын қызметінен босатады, оның өкілеттігі мен функционалдық міндеттерін белгілейді.

Партия төрағасының шешімдері мен тапсырмалары партияның барлық мүшелерінің орындауы үшін міндетті.

Партия төрағасы болмаған кезде ОК Саяси Бюросының шешімімен оның міндетін ОК хатшыларының бірі атқарады.

13. Партия төрағасы мен ОК хатшылары мемлекеттік органдарда, саяси, қоғамдық және халықаралық ұйымдарда партияның өкілі болып табылады, ҚХП ОК Саяси бюросының шешімімен немесе оның тапсырмасымен бүкіл партияның атынан өзекті әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелер бойынша мәлімдеме жасайды.

14. Партия төрағасы ОК хатшылығының араласуымен ОК-ның ағымдағы жұмысын жүзеге асырады, іс қағаздарын жүргізуді және ОК Съездеріне, пленумдарына, саяси бюросына құжат дайындауды ұйымдастырады, ОК аппараты қызметкерлерінің дербес құрамын қалыптастырады, партия филиалдардың жұмыс органдарының қаржы-шаруашылық қызметін қамтамасыз етеді.

15. ОК хатшылығының шешімдері алқалы түрде, партия Төрағасының міндетті қатысуымен немесе ақпараттандырылған болған жағдайда қабылданады. Шешімді ОК Саяси Бюросы бекітеді.

16. Орталық Комитеттің Саяси Бюросы (Саяси Бюро) партияның маңызды саяси органы болып табылады, Орталық Комитеттің Пленумдары арасында партияны басқару үшін 7 адам сайланады.

ОК Саяси бюросының барлық шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады.

ОК Саяси Бюросының отырыстарына төрағалық ету партия Төрағасы мен ОК хатшылары арасында ротация әдісімен жүргізіледі.

ОК Саяси Бюросының құзыреті:

- ОК кезекті және кезектен тыс съезін, Пленумын шақыру;
- Қазақстан Республикасының Парламентіндегі партияның партиялық фракциясының жетекшісін ұсыну және бекіту;
- облыстардың, Нұр-Сұлтан қаласының, Республикалық маңызы бар қалалардағы партия комитеттерінің бірінші хатшыларынан сенімхатты кері қайтарып алу немесе тоқтата тұру;
- ОК Пленумы шешім қабылдағанға дейін барлық деңгейдегі бюро мен партия комитеттері хатшылықтарының қызметін тоқтата тұру;
- жеке және заңды тұлғалардың партия мүшелеріне қатысты өтініштерін қарау;
- тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану: шағымдарды қарау қорытындысы бойынша партияның штаттық қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттеріне, әрекетсіздігіне ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс жариялау;

- басқа заңды тұлғаларды құру немесе қызметі туралы шешімдерді қабылдау.

ОК Саяси Бюросының отырысы айына кемінде бір рет өткізіледі.

ОК Саяси Бюросының отырыстары арасындағы кезеңде маңызды саяси және ұйымдастырушылық мәселелерді шешу төрағаға жүктеледі, кейін қабылданған шешім құзырет шеңберінде ОК Саяси Бюросының отырыстарында және ОК пленумдарында жарияланып, бекітіледі.

ОК Саяси Бюросының шешімдері оның мүшелері құрамының кемінде 2/3 кворумы кезінде заңды болады және ОК Саяси Бюросының отырысына қатысып отырғандардың көпшілік даусымен қабылданады.

ОК Саяси бюросының барлық шешімдеріне кезектілікке сәйкес, 10 күн ішінде ОК Саяси Бюросының отырысында төрағалық еткен партия Төрағасы немесе ОК хатшысы қол қояды. ОК Саяси Бюросының шешімдері партияның барлық филиалдарының назарына жеткізіледі және орындалуға міндетті.

ОК Саяси бюросы жыл сайын ОК Пленумында атқарылған жұмыстар бойынша есеп береді. ОК Саяси бюросының кезектен тыс отырысын шақыру жөніндегі өкілеттік партия Төрағасына немесе ОК хатшылығына тиесілі.

17. Орталық Комитет ОК мүшелерінің санын толықтыру құқығына ие, алайда бастапқы санның үштен бір бөлігін ғана.

VIII ТАРАУ.

ӨКІЛЕТТІ ОРГАНДАРДАҒЫ ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТІ

1. Өкілетті органға депутат болып сайланған ҚХП мүшесінің міндеттері:
 - тиісті өкілетті органдағы ҚХП-ның депутаттық фракциясы (тобы) құрамына кіру;
 - үнемі депутаттық фракцияның (топтың) жұмысына қатысу;
 - депутаттық фракцияның (топтың) шешімдерін орындау;
 - сайлаушылармен кездесулерде партиялық шешімдерді түсіндіру жұмыстарымен айналысу;
 - Парламент депутаттарына Пленумда, ҚХП ОК Саяси бюросында жеке немесе фракция (топ) жетекшісінің есебі арқылы депутаттық фракциядағы (топтағы) өз қызметі туралы есеп беру;
 - облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, қалалық, аудандық мәслихаттардың депутаттарына тиісті бөлімшелер

(өкілеттілік) Пленумында өздерінің депутаттық фракциядағы (топ) жұмыстары туралы есеп беру;

- есепте тұрған тиісті құрылымдық бөлімшеге өзінің депутаттық қызметі жайында хабардар ету.

2. Өкілетті органдарға депутат болып сайланған ҚХП мүшелері өздерінің қызметі барысында партия мүддесін басшылыққа алады.

Негізгі сұрақтар және қоғамдық резонансқа ие мәселелер бойынша:

- Парламент депутаты өзінің іс-әрекетін ҚХП ОК Саяси бюросымен мақұлдайды;
- облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, қалалық, аудандық мәслихаттардың депутаттары өздерінің іс-әрекеттерін тиісті партиялық комитеттің бюросымен мақұлдайды.

3. Аймақтық және учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері саяси партиялар ұсыныстары негізінде тиісті мәслихаттармен сайланады.

Сайлау комиссиясына сайланған ҚХП мүшесінің міндеттері:

- Конституцияның талаптарын, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң мен өзге де Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарын, жалпы қабылданған этика ережелерін орындау;
- оған жүктелген міндеттерді, сайлау комиссиясы және оның төрағасының, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдері мен тапсырмаларын орындау;
- азаматтардың заңды мүдделері мен сайлау құқықтарын қорғауды және сақтауды қамту, шешім қабылдау барысында бейтараптық және тәуелсіздік таныту, сонымен қатар кандидаттар мен партиялық тізім ұсынған саяси партиялардың қызметін жария бағалауға жол бермеу;

ҚХП ұсынысы бойынша сайланған сайлау комиссиясының мүшесі ҚХП шешіміне байланысты емес және ҚХП мүддесін қорғауға құқы жоқ.

ІХ-ТАРАУ.

ПАРТИЯНЫҢ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫ

1. Партияның бақылау органдары:

- ҚХП Съезімен сайланатын орталық Бақылау-ревизиялық комиссиясы (ОБРК);
- басқарушы органдарымен бірге партиялық Конференцияларда партияның филиалдары мен өкілдіктерінде құрылатын облыстық, қалалық және аудандық Бақылау-ревизиялық комиссиялары (ОбБРК, ҚБРК, АБРК);
- бастауыш партиялық ұйымдардың Бақылау-ревизиялық комиссиялары жалпы жиналыспен сайланатын болып табылады.

2. Өздерін сайлаған жоғарғы органдарға Бақылау-ревизиялық комиссиялар есепті, атап айтсақ: партия Съезіне, филиалдар мен өкілдіктер Конференцияларына, бастапқы партиялық ұйымдардың жиналыстарына.

3. Бақылау-ревизиялық комиссиялар отырыстары, әдетте, тиісті партиялық комитеттері Пленумдерімен бірігіп, өткізіледі.

4. Орталық Бақылау-ревизиялық комиссиялар мүшелерінің саны партия Съезімен белгіленеді; облыстық, қалалық, аудандық және бастауыш Бақылау-ревизиялық комиссиялар мүшелерінің саны – тиісті Конференциялармен және (немесе) жалпы жиналыстармен белгіленеді.

5. Бақылау-ревизиялық комиссиялар:

- Партияның Жарғысы мен Бағдарламасы, партиялық Съезд бен Конференциялар талаптарының орындалуын іске асырады;

- партия ұйымдарының беделі мен дербестігі артуына себеп болады, партия мүшелерінің жарғылық құқықтарын қорғайды, тиісті партия органдары мен ұйымдарының партия қатарынан шығару және партиялық жазаға тарту туралы шешімдеріне шағымдарын қарастырады;

- жыл сайын партия бұқара халқының саяси еркін жүзеге асыру туралы, Бағдарлама мен Жарғыны орындағаны туралы, партия мүшелерінің шағымдары мен өтініштері туралы «Талдамалық баяндама» әзірлейді. Баяндама ОК және ОБРК біріккен отырысында қарастырылады.

6. Бақылау-ревизиялық комиссиялар мүшелері:

- бюро жұмысына қатысуға;

- өз қызметтік әрекетінде партияның барлық құжаттарын қолдануға құқылы.

7. Өз қызметтеріне қатысты мәселелер бойынша Бақылау-ревизиялық комиссиялар қаулы қабылдайды, ал тексеріс қорытындысы бойынша акт құрастырады және олар жөнінде тексерілетін ұйымдар мен мекемелердің партия комитеттері мен басшыларына мәлімдейді, соңғылары бір ай мерзім ішінде комиссия айқындаған кешіліктерді жою бойынша қабылдаған шаралары туралы хабардар етуге міндетті.

8. Бақылау-ревизиялық комиссиялар отырыстары, егер олардың жұмысына сайланған мүшелердің жартысынан астам саны қатысса құқылы. Шешімдер дауыстың жай көпшілігімен ашық түрде қабылданады.

9. Бақылау-ревизиялық комиссиялары өз отырыстарын қажеттілік бойынша өткізеді, бірақ алты айда кемінде бір мәрте, сондай-ақ Бақылау-ревизиялық

комиссия мүшелерінің үштен бір бөлігінің талабы немесе Орталық Бақылау-ревизиялық комиссиясының нұсқауы бойынша өткізеді.

10. Өз отырыстарында ОБРК, ОББРК, ҚБРК және АБРК төрағалары мен олардың орынбасарын сайлайды, негізгі комиссияларды, олардың өкілеттіліктерін және жұмысының ұйымдастырушылық қағидаларын белгілейді.

11. Бақылау-ревизиялық комиссиялар мүшелері Пленум жұмысына кеңес дауыспен қатысады, ал төрағасы мен оның орынбасары – отырыстарда және атқарушы органдарда аталмыш органдар қабылдаған шешімдермен танысады.

12. Барлық деңгейдегі Бақылау-ревизиялық комиссияларды ұстауға қаражаттар осы комиссиялар мен тиісті партия комитеттерінің біріккен отырыстарында белгіленеді.

13. Партия комитеттері мен Бақылау-ревизиялық комиссиялар арасындағы келіспеушіліктер он күн мерзімінде бара-барлық негізде құрылатын келістіруші комиссиялармен, «Партия ардагерлер кеңесі» өкілдерін шақыра келе, сондай-ақ біріккен отырыстарда шешіледі. Егер даулы мәселе шешілмеген жағдайда, оны қарастыру жоғары тұрған органға немесе партия жиналысына, Конференциясына, Съезіне тапсырылады.

14. Орталық Бақылау-ревизиялық комиссиясының ішкі жұмысы, оның мүшелерінің өкілеттіктері партия Съезі бекіткен «Орталық Бақылау-ревизиялық комиссиясы туралы» ережесімен реттеледі.

15. Партияның жылдық қаржылық есебі жыл сайын республикалық мерзімді баспасөзде және партияның сайтында жарияланады.

Х ТАРАУ.

ҚХП АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ МҮЛКІНІҢ

ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ.

ПАРТИЯНЫҢ МҮЛІК БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ

1. ҚХП қаражаты партия мүшелерінің кіру және мүшелік жарналарынан, азаматтардың және Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес ұйымдарының қайырымдылығынан, кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістерден, заңмен айқындалған бюджет қаражатынан қалыптасады. Партиялық жарналардың мөлшері мен оларды төлеу тәртібін партия Съезі айқындайды және бекітеді.

2. ҚХП, оның филиалдары өздерінің басқару органдары арқылы есептілікті мемлекеттік кірістер органдарына және басқа да мемлекеттік мекемелерге тапсырылуын ұйымдастырады да, заңнамамен бекітілген тәртіпте есептілік уақытылы тапсырылуы және оның дұрыстығы үшін жауапты болады.

3. ҚХП заңды тұлға болып табылады, банк мекемелерінде есеп айырысу шоты және басқа да шоттар, мөр, мөртабан және фирмалық іспарақтарға ие.
4. ҚХП филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлға болып танылмайды және өз жарғылық әрекеттерін іске асыру үшін оларға партияның ақшалай қаражаты мен мүлкі оперативтік басқару үшін үлестіріледі. ҚХП ОК келісімі бойынша филиалдар мен өкілдіктер банк мекемелерінде ағымдағы шоттар ашуы, мөр, мөртабан және фирмалық іспарақтар иеленуі мүмкін. Филиалдар мен өкілдіктер мүлкі жеке теңгерімде ескеріледі де, партияның жалпы теңгеріміне кіреді.
5. ҚХП филиалдары мен өкілдіктері Заңмен белгіленген тәртіпте қаржылық есептілік жүргізеді, партия ұйымдарының жарғылық әрекетінен түскен барлық ақшалай қаражаттарың келіп түсуі мен есепке алынуын қамтамасыз етеді. Айтылмыш қаражаттың үлестірілу тәртібі партияның ОК Пленумымен бекітіледі.
6. ҚХП мүшелері партия мүлкіне құқықтары жоқ және партия міндеттемелеріне жауапты емес, өз кезегінде партия өз мүшелерінің міндеттемелеріне жауапты емес болып табылады.
7. Партияның ақшасы мен өзге де мүлкі оның мүшелері арасында бөлінбейді және жарғылық мақсаттарға сәйкес жұмсалуға тиіс. Партияның өз қаражатын қайырымдылық көмекке пайдалануына жол беріледі.
8. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған объектілерді қоспағанда, партияның меншігінде оның жарғысында көзделген қызметті материалдық жағынан қамтамасыз ету үшін қажетті объектілер, сондай-ақ оның қаражаты есебінен құрылатын ұйымдар болуы мүмкін.
9. Жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін партия Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте шарттар, мәмілелер жасай алады, жылжымайтын және жылжымалы мүлікті, объектілерді, үйлерді, ғимараттарды, жабдықтарды, көлік құралдарын сатып ала алады және иелігінен шығара алады, жалға бере алады және жалдай алады.

XI ТАРАУ.

ПАРТИЯНЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

1. Қазақстан Халық партиясының қызметі келесі жағдайларда тоқтатылуы ықтимал:
 - партия Съезінің шешімі бойынша;
 - ҚХП барлық филиалдарының кемінде жартысының мүддесіне өкіл болған партия мүшелерінің кемінде елу бір пайызының ұсынысы бойынша. Ұсыныс жазбаша түрде ресімделеді де, партия Съезімен бекітіледі;
 - сот шешімі бойынша.

2. Партияның қызметін тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде оның Съезіне ҚКП барлық филиалдарына өкіл болатын сайланған депутаттардың кемінде үштен екі бөлігі қатысуы қажет. Егер бұл шешімге Съезге қатысқан, партия филиалдарының кемінде жартысына өкіл болатын делегаттардың үштен екі бөлігі дауыс берсе, шешім қабылданды деп саналады.

3. Партияның қалған мүлкін үлестіру ҚХП Съезінің шешімі бойынша осы Жарғымен көзделген мақсаттарға жұмсалуды іске асырылады. Ол үшін Съезд тарату комиссиясын құрады.

4. Қазақстан Халық партиясының қайта ұйымдастырылуы (бірігу, қосылу, бөліну, түбегейлі өзгеру, бөлініп шығу) партия Съезі шешімімен, яғни ол үшін Съезге қатысқан кемінде үштен екі делегаттар дауыс берсе жүргізілуі ықтимал.

5. Партияның таратылуы, партияның өз қызметін тоқтатуы туралы мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін партияның таратылуы аяқталды, ал партияның қызметі тоқтатылды деп есептеледі.